

## **Жамбыл ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы**

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2022 жылғы 24 маусымдағы № 19-4 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 шілдеде № 28665 болып тіркелді

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы №787 қаулысына сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін жарнаның мөлшерлемелері – болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл аудандық  
мәслихат хатшысы*

*Р. Сеитов*